

Тарихи анықтама

Еңбекшілер депутаттары Толыбай ауылдық Кеңесі атқару комитетінің тұрақты сақтаудағы тізімдемесінің құжаттары 1935, 1936, 1946-1957 жылдар аралығын құрайды.

Олар: ауылдық Кеңес сессияларының хаттамалары, Еңбекшілер депутаттары Жаңақала аудандық атқару комитетінің ауылдық Кеңестің негізгі қызметіне қатысты жарлықтары, депутаттардың тұрақты комиссияларының құрамы және сессия шақыру жөніндегі статистикалық есебі (№1 нысан), мемлекеттік және кооперативтік шаруашылықтардағы мал шаруашылығының жағдайы жөніндегі статистикалық есеп (№1 нысан), мал есебін алу жөніндегі ауылдық округтегі үй басының тізімі туралы статистикалық есеп (№3 нысан), ауыл тұрғындарының жынысы мен жас құрамы туралы бір мезгілдік статистикалық есеп (№9 нысан), ауылдық Кеңес бюджетінде тұратын қызметкерлердің еңбек ақы көлемі және шығындары жөніндегі статистикалық есеп (№32 нысан), денсаулық сақтау, халыққа білім беру, ауыл шаруашылық жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссияларының құжаттары (жоспар, хаттамалар), аудандық атқару комитетімен, мекеме кәсіпорындарымен негізгі қызмет мәселелері бойынша хат алмасу.

Шаруашылық кітаптары 1935 жылдан басталды.

Толыбай ауылдық Кеңесі атқару комитеті 1954 жылға дейін «Калинин», «Еңбекші», «Екпінді», «Киров», «Жаңаталап», «Дұрыс жол» колхоздарын қамтыған. Осы колхоздарда 1 орталау мектеп, 2 бастауыш мектеп, 1 оқу үйі, 1 кітапхана, 1 мед пункт, 1 сауда жасайтын бөлімше жұмыс жасаған.

Осы жылдары ауылдық Кеңес төрағасы қызметін Бегишанов Темір атқарған. Ауылдық Кеңестің 9 депутаты сайлаушылармен тығыз байланыста болған. 1952 жылдың санағында ауыл Кеңесінде 157 үй болып, ол үйлерде 573 адам тұрған. Статистикалық есеп бойынша ауылдық Кеңестің есебінде 432 жылқы, 1230 ірі қара, 1548 бас қой-ешкі, 33 бас түйе болған, сонымен бірге 50 га жер арпа, 200 га жерге тары еккен.

Ауылдық Кеңес атқару комитетінің негізгі міндеттері:

- Ауылдық Кеңес сессияларының кезекті шақырылуына байланысты кун тәртібіндегі мәселелерді талқылау;
- Депутаттар құрамына өзгерістер енгізу;
- Тұрақты комиссиялармен жоспарлы жұмыс істеу ;
- Ауылдық Кеңес бюджетінің орындалуын бақылау;
- Ауыл малының санын алуды ұйымдастыру;
- Атқару комитеті отырыстарының жоспарға сәйкесті өткізілуіне назар аудару;
- Мәдени көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;
- Ауылды абаттандыру тағы да көптеген мәселелерді шешу;

